

Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны үшін 2004 жылы төленетін төлемнің мөлшері туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/26 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 22 желтоқсанда N 1561 тіркелді

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы /Салық Кодексі/" Кодексінің 462-бабына және "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны үшін 2004 жылы төленетін төлемнің көлемі облыстағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өкілетті орган - Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы жасаған есептеулердің негізінде бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/26 "Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны үшін 2003 жылы төленетін төлемнің мөлшері туралы" шешіміне қосымша

Маңғыстау облысы бойынша қоршаған ортаның ластағаны 2004 жылы үшін төленетін төлемнің мөлшері туралы

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Нормативтік төлемдер
1.	Тұрақты орны бар көздерден атмосфераға ластағыш заттардың шығарылуы	шартты т.	1231,0
2.	Зиянды қалдықтардың су объектілеріне тасталуы	шартты т.	18164,0
3.	Тазартылмаған лас қалдықтардың далада булануы	шартты т.	7792,54
4.	Этил қосылмаған бензин	Физ.т.	423,0
5.	Этилді бензин	Физ.т.	508,0
6.	Дизель отыны	Физ.т.	340,0
7.	Сығымдалған газ	Физ.т.	284,0
8.	1 класты аса қауіпті өндіріс қалдықтары	Физ.т.	10112,0
9.	2 класты жоғары қауіпті өндіріс қалдықтары	Физ.т.	5056,0

10.	3 класс қауіп бар өндіріс қалдықтары	Физ.т.	1264,0
11.	4 класты қауіп аз өндіріс қалдықтары	Физ.т.	632,0
12.	Улы емес өндіріс қалдықтары	Физ.т.	316,0

Ескерту: 1. "Қошқар - Ата" қалдықтар қоймасы су айдынының деңгейін тұрақтандыру үшін пайдаланылатын сарқынды судың көлемі үшін - нөлдік төлем мөлшері қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК